Эмитенттің толық атауы: «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамы

Эмитенттің қысқартылған атауы: «ҚазАгроҚаржы» АҚ

Уәкілетті органның мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны, облигациялық бағдарлама шегінде мемлекеттік емес облигациялары шығарылымын) мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспектіде сипатталған мемлекеттік емес облигацияларды сатып алуға қатысты қандай да бір ұсыныстар беруді білдірмейді және осы құжатта қамтылған ақпараттың анықтығын растамайды.

Эмитенттің лауазымды тұлғалары ондағы ұсынылған барлық ақпарат шынайы екендігін және эмитент пен оның орналастырылатын мемлекеттік емес облигацияларына қатысты инвесторларды жаңылыстырмайтынын растайды.

Мемлекеттік емес облигациялар айналысы кезеңінде эмитент Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасының талаптарына сәйкес ақпараттың қаржылыю есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында бағалы қағаздар нарығында ашылуын қамтамасыз етеді.

Нұр-Сұлтан қ., 2022 ж.



1. Осы облигациялар шығарылымы (бұдан әрі – «Облигациялар») «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Эмитент») үшінші облигациялық бағдарламасының проспектісіне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Облигациялық бағдарлама туралы мәлімет:

2.1. Облигациялық бағдарлама проспектісін мемлекеттік тіркеу күні:

осы проспектінің мемлекеттік тіркелуі Эмитенттің үшінші облигациялық бағдарламасының проспектісін мемлекеттік тіркеумен бір мезгілде жүзеге асырылады.

2.2. Шығарылым жүзеге асырылатын облигациялық бағдарлама көлемі:

200 000 000 000 (екі жүз миллиард) теңге.

2.3. Облигациялық бағдарлама шегіндегі алдыңғы барлық облигациялар шығарылымдары туралы мәліметтер (осы облигациялық бағдарлама шегіндегі әрбір шығарылым бойынша бөлек):

осы Облигациялар шығарылымы Эмитенттің үшінші облигациялық бағдарламасы шегінде бірінші болып табылады.

3. Облигациялар шығарылымы туралы мәлімет:

3.1. Облигациялар түрі:

Қамтамасыз етусіз купондық облигациялар.

3.2. Бір облигацияның номиналды құны егер бір облигацияның номиналды құны (егер бір облигацияның номиналды құны индекстелген шама болса, онда бір облигацияның номиналды құнын есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі):

Облигациялардың номиналды құны Облигациялардың номиналды құны тіркелген шама болып табылады және 1 000 (бір мың) теңгеге тең.

3.3. Облигациялар саны:

50 000 000 (елу миллион) дана.

3.4. Облигациялар шығарылымының жалпы көлемі:

50 000 000 000 (елу миллиард) теңге.

3.5. Облигациялардың номиналды құнының валютасы, облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) сыйақы төлемінің валютасы:

Барлық төлемдерді (сыйақыны және негізгі борыш сомасын төлеуді) Эмитент қолма-қол ақшасыз тәртіппен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен (теңгемен) жүзеге асырады.

Егер Облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылған жағдайда, Облигациялар бойынша негізгі борыш сомасының және (немесе) есептелген сыйақының төленуі Облигацияларды ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында теңгедегі банк шоты болған кезде теңгемен жүргізілетін болады.

Эмитент тиісті төлем күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Облигацияларды ұстаушыдан - Қазақстан Республикасының бейрезидентінен тиісті жазбаша өтініш алған жағдайда, төлемді жүзеге асыру кезінде теңгені тек АҚШ Долларына және Еуроға ғана айырбастауға жол беріледі. Аталған айырбастау төлемді жүзеге асыру күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені АҚШ Долларына және Еуроға айырбастау Облигацияларды ұстаушы – Қазақстан Республикасы бейрезиденті есебінен жүргізіледі. Айырбастау кезінде туындайтын Эмитент шығындары Облигацияларды ұстаушыға – Қазақстан Республикасының бейрезидентіне аударылуға жатыпн сомадан ұсталып қалатын болады.

Облигацияларды ұстаушының – Қазақстан Республикасы бейрезидентінің пайдасына Облигациялар бойынша төлем жасау кезінде теңгені басқа валютаға айырбастауға жол берілмейді.



4. Орналастырылатын облигацияларға ақы төлеу тәсілі:

Осы шығарылым Облигацияларының ақысы қолма-қол ақшасыз нысанда төленетін болады.

5. Облигациялар бойынша кіріс алу:

5.1. Облигациялар бойынша негізгі сыйақы мөлшерлемесінің және бар болған жағдайда, қосымша сыйақының мөлшері:

Облигациялар бойынша купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесі айналымның бүкіл мерзіміне тиянақталған болып табылады және «Қазақстан қор биржасы» АҚ қағидаларына сәйкес өткізілетін Облигацияларды орналастыру бойынша бірінші болып өткізілген мамандандырылған сауда – саттықты (бұдан әрі – «**Бірінші болып өткен сауда-саттық**») өткізу қорытындылары бойынша айқындалатын болады.

Купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесінің мөлшері туралы ақпарат «Қазақстан қор биржасы» АҚ интернет-ресурсында (www.kase.kz) (бұдан әрі – «**Биржа**») жарияланатын болады.

Облигациялар бойынша қосымша сыйақы жоқ.

5.2. Облигациялар бойынша сыйақы төлеу мерзімділігі және (немесе) сыйақы төлеу күні:

Облигациялар бойынша сыйақының төленуі Облигациялар айналымының барлық мерзімі ішінде Облигациялар айналымының басталған күнінен бастап әрбір 6 (алты) ай сайын жылына 2 (екі) рет жүргізіледі.

5.3. Облигациялар бойынша сыйақы есептеле бастайтын күн:

Сыйақының есептелуі Облигациялар айналымы басталған күннен бастап жүзеге асырылады және Облигациялар айналымы мерзімінің соңғы күні аяқталады.

5.4. Облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен шарттары, облигациялар бойынша сыйақы алу тәсілі:

Сыйақы оны алуға құқығы бар және сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басында Эмитенттің Облигацияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде тіркелген тұлғаларға (Облигацияларды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарий орналасқан жердегі уақыт бойынша) (бұдан әрі – «**Тіркеу күні**») төленеді.

Облигациялар бойынша купондық сыйақының төленуі Тіркеу күнінен кейінгі күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына ақша аудару арқылы теңгемен жүзеге асырылады. Сыйақының соңғы төлемі Облигациялар бойынша негізгі борыш сомасын төлеумен бір мезгілде жүргізіледі.

Төлеу күніндегі сыйақы номиналды құн мен жарты жылдық купондық мөлшерлеменің көбейтіндісі ретінде есептеледі.

Сыйақының соңғы төленуі Облигациялар бойынша борыштың негізгі сомасын төлеумен бір мезгілде жүзеге асырылады.

5.5. Облигациялар бойынша сыйақы есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі:

Облигациялар бойынша сыйақының төленуі барлық айналым кезеңі ішінде жылына 360 (үш жүз алпыс) күн және айына 30 (отыз) күн уақыттық база есебімен жүзеге асырылады.

6. Арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығару кезінде жобалық қаржыландыру кезінде қосымша көрсетіледі:

Қолданылмайды. Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды.

7. Арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығару кезінде секьюритилендіру кезінде қосымша көрсетіледі:

Қолданылмайды. Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды.

8. Облигацияларды орналастыру шарттары мен тәртібі:



8.1. *Облигациялар орналастырыла бастайтын күн:*

Облигацияларды орналастыру Облигациялар айналымы басталған күннен бастап олардың бүкіл айналым мерзімі ішінде жүргізіледі.

8.2. *Облигацияларды орналастыру аяқталатын күн:*

Облигациялардың айналым мерзімінің соңғы күні Облигацияларды орналастыру аяқталатын күн болып табылады.

8.3. *Облигацияларды орналастыру жоспарланған нарық (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы):*

Облигацияларды ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында орналастыру жоспарланған.

9. Облигацияларды айналдыру шарттары мен тәртібі:

9.1. *Облигациялар айналымы басталатын күн:*

«Қазақстан қор биржасы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Биржа) сауда жүйесінде Облигацияларды орналастыру бойынша бірінші өткізілген сауда-саттықты өткізу күні. Облигациялар айналымы басталатын күн туралы ақпарат Биржаның интернет-ресурсында жарияланатын болады (www.kase.kz).

9.2. *Облигациялар айналымы аяқталатын күн:*

Облигациялар айналымы басталған күннен бастап 7 (жеті) жыл өткен соң.

9.3. *Айналым мерзімі:*

Облигациялардың айналым мерзімі Облигациялар айналымы басталған күннен бастап 7 (жеті) жылды құрайды.

9.4. *Облигациялар айналымы жоспарланған нарық (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы):*

Облигациялар айналымы ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында да, ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында да жоспарланған.

10. Облигацияларды өтеу шарттары мен тәртібі:

10.1. *Облигацияларды өтеу күні:*

Облигациялар Облигациялардың айналым мерзімінің соңғы күнінен кейінгі күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде өтеледі.

10.2. *Облигацияларды өтеу тәсілі:*

Облигациялар Облигациялардың айналым мерзімінің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша ақша қаражатын Облигацияларды ұстаушылар тізілімінде тіркелген Облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына аудару арқылы Облигациялардың айналым мерзімінің соңғы күнінен кейінгі күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде соңғы купондық сыйақыны бір мезгілде төлей отырып, Облигациялардың номиналды құны бойынша өтеледі.

Барлық төлемдерді – сыйақы төлеуді және Облигацияларды өтеуді Эмитент қолма-қол ақшасыз тәртіппен жүзеге асырады.

10.3. *Егер Облигацияларды өтеу кезінде сыйақы мен номиналды құнды төлеу Облигациялар шығарылымының проспектісіне сәйкес өзге де мүліктік құқықтармен жүргізілетін болса, осы құқықтардың, олардың сақталу тәсілдерінің, бағалау тәртібінің және осы құқықтарды бағалауды жүзеге асыруға құқылы тұлғалардың, сондай-ақ осы құқықтардың ауыстыруды іске асыру тәртібінің сипаттамасы келтіріледі:*

Облигацияларды өтеу кезінде сыйақы мен номиналды құнның төленуі басқа мүліктік құқықтармен жүргізілмейтін болады.

11. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 және 18-4-баптарымен белгіленбеген облигацияларды өтеуін төлеп алудың қосымша шарттары болған жағдайда, көрсетіледі:



Облигациялар шығарылымы үшін «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – «**Бағалы қағаздар рыногы туралы заң**») 15 және 18-4-баптарымен белгіленбеген қосымша өтеуін төлеп алу шарттары жоқ.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының заңнамасымен эмитенттердің бастамасымен облигацияларды өтеуін төлеп алу тәртібі көзделмегендігін ескере отырып, бұл тармақ Эмитенттің орналастырылған Облигацияларды өтеуін төлеп алу құқығын іске асыру тәртібінің, шарттары мен мерзімдерінің сипаттамасын қамтиды.

11.1. Облигацияларды өтеуін төлеп алу құқығын іске асыру тәртібі, шарттары:

Облигациялардың бүкіл айналым мерзімі ішінде Эмитент Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес Облигацияларды өтеуін төлеп алуды («Облигацияларды өтеуін төлеп алу») жүзеге асыруға құқылы.

Эмитенттің Облигацияларды өтеуін төлеп алу бағасы, өтеуін төлеп алу тәртібі (ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында) және өтеуін төлеп алу күні Эмитенттің Директорлар кеңесінің тиісті шешімімен айқындалады.

Сатып алынған Облигациялар өтелген облигациялар болып саналмайтын болады және Эмитент оларды қайтадан өткізе алады. Эмитенттің Облигацияларды өтеуін төлеп алуы сатып алынатын Облигацияларды ұстаушылардың құқықтарының бұзылуына әкеп соқпауы тиіс.

11.2. Облигацияларды өтеуін төлеп алу құқықтарын іске асыру мерзімі:

Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды өтеуін төлеп алу туралы шешім қабылдаған жағдайда, өтеуін өтеп алуды Эмитент мұндай шешім қабылданған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде жүзеге асырады.

Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімі Директорлар кеңесі мұндай шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде тиісті ақпараттық хабарды Эмитенттің ішкі актілерімен, Биржаның ішкі құжаттарымен және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсына ақпарат орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актімен белгіленген тәртіппен Биржаның (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарына орналастыру арқылы Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізілетін болады. Хабарламада Облигацияларды өтеуін төлеп алу тәртібінің, шарттарының сипаттамасы және жүзеге асырылатын күні көрсетілуі тиіс.

Облигацияларды өтеуін төлеп алу жүзеге асырылғаннан кейін, орналастырылған (сатып алынғандарды қоспағанда) Облигациялардың саны туралы ақпаратты Эмитент Биржаның ішкі қағидаларына сәйкес ашады.

12. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген қосымша ковенанттар (шектеулер) белгіленген жағдайда, көрсетіледі:

12.1. Эмитентпен қабылданатын және Бағалы қағаздар рыногы туралы заңмен көзделмеген ковенанттардың (шектеулердің) сипаттамасы:

а) Эмитент пен Биржаның арасында жасалған листингтік шартта және/немесе Биржаның өзге де ішкі құжаттарында белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті ұсыну мерзімдерінің бұзылуына жол бермеу;

б) Эмитент пен Биржаның арасында жасалған листингтік шартта және/немесе Биржаның өзге де ішкі құжаттарында белгіленген Эмитенттің жылдық қаржылық есептілігі жөніндегі аудиторлық есептерді ұсыну мерзімдерінің бұзылуына жол бермеу.

в) Эмитенттің кредиттік рейтингінің Fitch Ratings рейтинглік агенттігінің шәкілі бойынша «BB-» деңгейінен немесе Standard & Poor 's немесе Moody' s басқа халықаралық рейтинглік агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингінен төмен түсуіне жол бермеу (Эмитенттің кредиттік рейтингінің төмендеуі Қазақстан Республикасының тәуелсіз рейтингінің төмендеуі нәтижесінде болған жағдайларды қоспағанда);

г) «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ/Қазақстан Республикасы Үкіметінің Эмитент акцияларының бақылау пакетін (50% + 1 жай акция) тікелей не жанама иелену үлесінің төмендеуіне



және/немесе Эмитентті бақылауды жоғалтуына немесе Эмитенттің қызметіне өзгедей түрде әсерін жоғалтуға жол бермеу.

12.2. Ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде Эмитенттің әрекет ету тәртібі:

Осы тармақпен көзделген қосымша ковенанттар (шектеулер) бұзылған жағдайда, Эмитент бұзушылық басталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұзушылықтың пайда болу себебін, аталмыш бұзушылықты жою тәсілі мен мерзімін толық сипаттай отырып, тиісті хабарды Биржаның (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарына орналастыру арқылы Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізетін болады.

Облигацияларды ұстаушылардан сатып алу туралы бірінші жазбаша талапты алған күннен кейінгі күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде Эмитенттің Директорлар кеңесі жинақталған сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес баға бойынша немесе қандай шама неғұрлым жоғары болып табылатынына қарай Облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша Облигацияларды өтеуін төлеп алу туралы шешім қабылдайды.

Директорлар кеңесі Облигацияларды өтеуін төлеп алу күні туралы шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитент тиісті хабарды Биржаның (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарына орналастыру арқылы Облигацияларды ұстаушыларды алдағы болатын Облигацияларды өтеуін төлеп алу күні туралы хабардар етеді.

Орналастырылған Облигацияларды өтеуін төлеп алуды Эмитент Облигацияларды ұстаушыдан Облигацияларды өтеуін төлеп алу туралы бірінші жазбаша талапты алған күннен бастап күнтізбелік 50 (елу) күннен асырмай жүзеге асырады.

Өтеуін төлеп алу тек Облигацияларды ұстаушылардың берген жазбаша өтініштері негізінде ғана жүргізілетін болады.

12.3. Ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде облигацияларды ұстаушылардың әрекет ету тәртібі:

Осы тармақпен көзделген шектеулер (ковенанттар) бұзылған жағдайда, Облигацияларды ұстаушылардың кез келгені Эмитенттің шектеулерді (ковенанттарды) бұзуы туралы ақпарат бірінші жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 10 (он) күн ішінде осы тармақтың 12.2-тармақшасында көзделген тәртіппен Эмитентке оларға тиесілі Облигацияларды өтеуін төлеп алу туралы тиісті жазбаша талапты ұсыну арқылы (Эмитенттің орналасқан мекенжайы бойынша) оларға тиесілі Облигацияларды өтеуін төлеп алуды талап етуге құқылы.

Осы тармақпен көзделген қосымша ковенанттардың (шектеулердің) кез келгенін Эмитенттің бұзуы туралы ақпарат бірінші жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Облигацияларды ұстаушылар Эмитентке оларға тиесілі Облигацияларды өтеуін төлеп алу туралы тиісті жазбаша талапты ұсыну арқылы оларға тиесілі Облигацияларды өтеуін төлеп алуды талап етуге құқылы.

Облигацияларды ұстаушы барлық қажетті деректемелерді көрсете отырып, еркін нысанда өтініш береді:

- заңды тұлға үшін: Облигацияларды ұстаушының атауы; бизнес-сәйкестендіру нөмірі; мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің (анықтаманың) берілген күні және оны берген орган; заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері; телефондары; банк деректемелері; өтеуін төлеп алуға жататын облигациялардың саны және түрі;
- жеке тұлға үшін: Облигацияларды ұстаушының тегі, аты және егер болса, әкесінің аты; жеке сәйкестендіру нөмірі; жеке тұлғасын куәландыратын құжаттың нөмірі, берілген күні, берген орган; тұрғылықты жері; телефондары; банк деректемелері; өтеуін төлеп алуға жататын облигациялардың саны және түрі.

Өтеуін төлеп алуға өтініш бермеген Облигацияларды ұстаушылар осы проспектіде көрсетілген айналым мерзімі аяқталған соң, оларға тиесілі Облигацияларды өтеуге құқылы.



13. Айырбасталатын облигациялар шығару кезінде қосымша мынадай мәліметтер көрсетіледі:

Бұл шығарылымның облигациялары айырбасталатын болып табылады.

14. Шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын Эмитенттің мүлкі туралы мәліметтер:

Облигациялардың бұл шығарылымы қамтамасыз етілмеген болып табылады.

15. Атауын, орналасқан жерін, кепілдік шартының деректемелерін, кепілдік мерзімі мен шарттарын (егер облигациялар банк кепілдігімен қамтамасыз етілген болса) көрсете отырып, кепілдік берген банктің деректемелері.

Облигациялар банк кепілдігімен қамтамасыз етілмеген.

16. Концессия шартының деректемелері және мемлекет кепілгерлігін беру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы - при выпуске инфрақұрылымдық облигациялар шығару кезінде.

Облигациялар инфрақұрылымдық облигациялар болып табылмайды.

17. Облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты:

17.1. Эмитент облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаттары:

Аталмыш шығарылымның Облигацияларын орналастырудан түскен қаражатты кейіннен лизингке беру үшін әртүрлі ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуды қаржыландыруға және «ҚазАгроҚаржы» АҚ міндеттемелеріне қызмет көрсетуге жұмсау жоспарланған.

17.2. «Жасыл» облигациялар шығарылған жағдайда, облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсатының, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен «жасыл» облигациялар және «жасыл» кредиттер арқылы қаржыландыруға жататын «жасыл» жобаларды жіктеудің және (немесе) экология және (немесе) «жасыл» қаржыландыру саласындағы халықаралық танылған қағидаттар мен стандарттардың сәйкестігі туралы ақпарат көрсетіледі.

Облигациялар «жасыл» емес.

17.3. Әлеуметтік облигациялар шығарылған жағдайда (әлеуметтік жобаларды іске асыруды қаржыландыру мақсатында ақша тарту үшін шығарылған облигациялар), қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын әлеуметтік міндеттерді іске асыруға бағытталған тиісті жобаның қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ осы жобаның орнықты даму саласындағы халықаралық танылған қағидаттар мен стандарттарға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі.

Облигациялар әлеуметтік емес.

17.4. Орнықты даму облигацияларын шығарған жағдайда («жасыл» және әлеуметтік жобалардың комбинациясын қаржыландыру немесе қайта қаржыландыру мақсатында ақша тарту үшін шығарылған облигациялар), қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын орнықты даму міндеттерін іске асыруға бағытталған тиісті жобаның қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ осы жобаның орнықты даму саласындағы халықаралық танылған қағидаттар мен стандарттарға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі.

Облигациялар орнықты даму облигациялары емес.

17.5. Орналастырудан түскен ақшасы жобаны қаржыландыруға жіберілетін инвестициялық облигациялар шығарылған жағдайда, осы жобаның қысқаша сипаты келтіріледі.

Облигациялар орналастырудан түскен ақшасы жобаны қаржыландыруға жіберілетін инвестициялық облигациялар емес.

18. Айналым мерзімі өтіп кеткен, Эмитент бұрын орналастырған облигациялар бойынша (эмитент өтеуін төлеп алған облигацияларды шегергенде) ақысы талап ету құқықтарымен төленетін облигацияларды шығару кезінде қосымша аталмыш облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ



облигациялар шығарылымының көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақылардың сомасы көрсетіледі.

Облигацияларға ақы төлеу талап ету құқықтарымен жүзеге асырылмайды.

19. Облигацияларды ұстаушыға берілетін құқықтар:

Облигацияларды ұстаушылардың мынадай құқықтары бар:

- осы проспектімен көзделген мерзімде облигацияларды өтеу кезінде Облигациялардың номиналды құнын алу құқығы;
- осы проспектімен көзделген мерзімде сыйақы алу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Эмитенттің ішкі корпоративтік қағидаларында және Биржаның талаптарында көзделген тәртіпте Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тәртіпте өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;
- Облигацияларды еркін иеліктен шығару және оларға өкімдік ету құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларда, оның ішінде осы проспектімен көзделген ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде Эмитенттің Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуін төлеп алуын талап ету құқығы;
- Облигацияларға деген меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар.

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, оның ішінде осы проспектімен көзделген ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде, Облигацияларды ұстаушылардың Эмитенттің Облигацияларды өтеуін төлеп алуын талап ету құқығын іске асыру шарттары, тәртібі және мерзімі

Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 18-4-бабы 2-тармағы 1) және 2) тармақшаларында көзделген негіздердің кез келгені басталған кезде Эмитент орналастырылған Облигацияларды мына бағалардың ең көбі бойынша өтеуін төлеп алуға міндетті: (1) жинақталған сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға бойынша немесе (2) Облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша.

Эмитент Бағалық қағаздар рыногы туралы заңның 18-4-бабы 2-тармағы 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген оқиғалардың кез келгені туындаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитенттің ішкі құжаттарымен, Биржаның ішкі құжаттарымен және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсына ақпарат орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілермен белгіленген тәртіпте тиісті хабарды Биржаның (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарына орналастыру арқылы Облигацияларды ұстаушыларды Облигацияларды өтеуін төлеп алу туралы хабардар етеді. Аталған хабар мыналарды қамтуы тиіс: (i) облигацияларды сатып алуға әкелетін осы оқиғалардың қайсысы орын алғаны туралы ақпарат; (ii) эмитентке талаппен жүгіну тәртібі мен мерзімдерін қоса алғанда, Облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-қимылдарын атау; (iii) Эмитенттің шешімі бойынша басқа да ақпаратты.

Осы тармақта көрсетілген Эмитенттің Директорлар кеңесінің Облигацияларды өтеуін төлеп алу туралы шешімінде және өтеуін төлеп алу туралы жарияланған ақпараттық хабарда мынадай мәліметтер қамтылуы тиіс:

- i) Облигацияларды өтеуін төлеп алу жүргізілетін баға, осы бағаны есептеу тәртібін көрсете отырып;
- ii) өтеуі төлеп алынатын Облигациялар саны;
- iii) Облигацияларды өтеуін төлеп алу жүргізілетін күн;
- iv) есеп айырысу тәртібі, соның ішінде:
 - ұйымдастырылмаған нарық үшін - (а) Облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізу бойынша қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге Облигацияларды



ұстаушылардың Облигацияларды өтеуін төлеп алу нәтижесінде оларды есептен шығаруға бұйрықтар беру тәртібі және (б) Облигацияларды ұстаушыға одан сатып алынған Облигациялардың ақысын төлеуге ақша қаражатын аудару тәртібі;

- ұйымдастырылған нарық үшін – Облигацияларды өтеуін төлеп алу бойынша сауда-саттық өткізу әдісіне нұсқау.

v) Эмитенттің Облигацияларды өтеуін төлеп алуды ұйымдастыруы үшін басқа да ақпарат.

Облигацияларды ұстаушылардың кез келгені Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 18-4-бабы 2-тармағы 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген оқиғалардың кез келгенінің басталуы туралы хабар бірінші жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Эмитентке (Эмитенттің орналасқан мекенжайы бойынша) оған тиесілі Облигацияларды өтеуін төлеп алу туралы тиісті жазбаша талап ұсыну арқылы оған тиесілі Облигацияларды өтеуін төлеп алуды талап етуге құқылы.

Облигацияларды ұстаушы мынадай деректемелерді көрсете отырып, еркін нысанда жазбаша талап береді:

- заңды тұлға үшін: Облигацияларды ұстаушының атауы; бизнес-сәйкестендіру нөмірі; мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің (анықтаманың) берілген күні және оны берген орган; заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері; телефондары; банк деректемелері; өтеуін төлеп алуға жататын облигациялардың саны және түрі;
- жеке тұлға үшін: Облигацияларды ұстаушының тегі, аты және, егер болса, әкесінің аты; жеке сәйкестендіру нөмірі; жеке тұлғасын куәландыратын құжаттың нөмірі, берілген күні және құжатты берген орган; тұрғылықты жері; телефондары; банк деректемелері; өтеуін төлеп алуға жататын облигациялардың саны және түрі.

Облигацияларды ұстаушылардың оларға тиесілі Облигацияларды өтеуін төлеп алу туралы жазбаша талаптарын қабылдау кезеңі аяқталғаннан кейінгі күнтізбелік 45 (қырық бес) күн ішінде Эмитенттің Директорлар кеңесі өтеуін төлеп алуға жататын Облигацияларды өтеуін төлеп алу күніне және санына нұсқау қамтылған Облигацияларды өтеуін төлеп алу туралы шешім қабылдайды. Өтеуін төлеп алуға жататын Облигациялардың санын тек Облигацияларды ұстаушылардың берген өтеуін төлеп алу туралы жазбаша талаптары негізінде ғана Эмитент анықтайды.

Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды өтеуін төлеп алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитенттің ішкі құжаттарымен, Биржаның ішкі құжаттарымен және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсына ақпарат орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілермен белгіленген тәртіпте тиісті хабарды Биржаның (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарына орналастыру арқылы Облигацияларды ұстаушыларды бұл туралы туралы хабардар етеді.

Орналастырылған Облигацияларды өтеуін төлеп алуды Эмитент Эмитенттің Директорлар кеңесінің Облигацияларды өтеуін төлеп алу туралы шешім қабылдауы туралы хабар бірінші жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 15 (он бес) күннен аспайтын мерзімде жүзеге асыруға тиіс.

Өтеуін төлеп алуға өтініш бермеген Облигацияларды ұстаушылар осы проспектіде көрсетілген айналым мерзімі аяқталған соң, оларға тиесілі Облигацияларды өтеуге құқылы.

Эмитент осы проспектімен көзделген ковенанттарды (шектеулерді) бұзған жағдайда, сондай-ақ осы проспектінің 12 және 20-тармақтарында көзделген Облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда, Облигацияларды ұстаушылардың Эмитенттің оларға тиесілі Облигацияларды өтеуін төлеп алуды талап ету құқығын іске асыру шарттары, тәртібі және мерзімі.

20. Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялау ықтималдығы орын алған оқиғалар туралы мәліметтер:

20.1. Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялау ықтималдығы болатын оқиғалар тізбесі:

Дефолт – Эмитенттің Облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамауы.

Облигациялар бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиға (бұдан әрі – «**Дефолт оқиғасы**»)



осы проспектіде көзделген негізгі борышты және (немесе) купондық сыйақыны төлеу мерзімдері өткеннен кейін Эмитенттің Облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы сомасын төлеу бойынша міндеттемелерді ішінара және (немесе) толық орындамауы болып табылады.

Осы проспектімен белгіленген мерзімде Эмитенттің сыйақыны және (немесе) Облигациялардың номиналды құнын төлемеуі немесе толық төлемеуі Облигациялар бойынша дефолт болып табылмайды, егер мұндай төлемеу және (немесе) толық төлемеу Эмитенттің сыйақыны және (немесе) номиналды құнды төлеуді жүзеге асыруын мүмкін етпейтін Облигацияларды ұстаушылардың банк шоттарының күмәнді немесе толымсыз деректемелерін алуының нәтижесі немесе «Бағалы қағаздар орталық депозитарий» АҚ-ның Эмитентке заңнамада және онымен жасалған шартта белгіленген мерзімде Облигацияларды ұстаушылар тізілімін ұсынбауының нәтижесі болса, .

20.2. Облигациялар бойынша сыйақы төлеу міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде Облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімдерін, оның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттарын қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда эмитенттің қолданатын шаралары:

Облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда Эмитент ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бір бөлігін орындау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін негізге ала отырып есептелетін, мерзімі өткен әрбір күн үшін Облигацияларды ұстаушылардың пайдасына өсімпұл есептеуге және төлеуге міндетті.

Эмитент осы проспект бойынша өз міндеттемелерін ішінара және (немесе) толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады, егер мұндай орындамау еңсерілмейтін күш жағдайларының салдары болып табылса. Еңсерілмейтін күш жағдайлары деп басталуын алдын ала болжау немесе болдырмау мүмкін болмаған жағдайлар (дүлей құбылыстар, әскери іс-қимылдар, уәкілетті органдардың тыйым салу немесе шектеу сипатындағы актілері және т. б.) түсініледі. Еңсерілмес күш жағдайлары туындаған жағдайда Эмитенттің осы проспект бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлар мен олардың салдарлары әрекет ететін уақыт кезеңіне мөлшерлес етіп кейінге шегеріледі.

Дефолт оқиғасының басталуы туралы ақпараттық хабар бірінші жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде Эмитент өтеуін төлеп алуға мәлімделген Облигациялардың санын көрсете отырып, жинақталған сыйақыны есепке ала отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға бойынша Облигацияларды (Облигациялар бойынша талап ету құқығын) өтеуін төлеп алу туралы Облигацияларды ұстаушылардың жазбаша талаптарын (Облигациялар бойынша талап ету құқықтарын) қабылдауды жүзеге асыруға міндетті.

Дефолт оқиғасының басталуы туралы ақпараттық хабар бірінші жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Эмитент Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыруға және өткізуге міндетті.

Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысының күн тәртібіне басқа мәселелерден басқа, Эмитент дайындаған өзінің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және (немесе) Облигацияларды ұстаушылардың алдындағы өзінің міндеттемелерін қайта құрылымдау бойынша іс-шаралар жоспарын бекіту туралы мәселе енгізілуі тиіс, ол олардың ұстаушыларымен өтеуін төлеп алуға мәлімделген Облигациялардың (Облигациялар бойынша талап ету құқықтарының) көлемі және (қажет болған кезде) Облигациялар шығарылымының проспектісіне ықтимал өзгерістер жобасы ескеріле отырып жасалуға тиіс.

Егер Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу қорытындысы бойынша Эмитенттің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және (немесе) Облигацияларды ұстаушылардың алдындағы міндеттемелерді қайта құрылымдау бойынша іс-шаралар жоспары бекітілмеген жағдайда және Эмитенттің өзінің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру мүмкінсіздігі туралы және (немесе) Эмитенттің Облигацияларды ұстаушылардың алдындағы міндеттемелерін қайта құрылымдау мүмкінсіздігі туралы шешім қабылданған жағдайда, сондай-ақ егер кредиторлардың талаптарын борышкер толық көлемде қанағаттандыруға қабілетсіз болған кезде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін заңнамада көзделген мерзімде Эмитент негізгі борыш сомасын және (немесе) Облигациялар



бойынша купондық сыйақыны төлеу бойынша және Облигацияларды ұстаушылардың алынған жазбаша талаптары бойынша Облигацияларды өтеуін төлеп алу бойынша өзінің міндеттемелерін орындамаса, Эмитенттің және Облигацияларды ұстаушылардың (Облигациялар бойынша талап ету құқықтарын ұстаушылардың) одан арғы әрекеттері Қазақстан Республикасының оналту және банкроттық жөніндегі заңнамасымен реттеледі.

Егер Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу қорытындысы бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру бойынша іс-шаралар жоспары бекітілетін болса, Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигациялармен олардың ұстаушысына берілетін құқықтар ескеріле отырып, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру бойынша осы іс-шаралар жоспарын іске асыру туралы шешім қабылдайды.

20.3. Орындалмаған міндеттемелер көлемі, міндеттемелердің орындалмау себебі, өздерінің талаптарын қанғаттандыру бойынша облигацияларды ұстаушылардың ықтимал іс-қимылдар тізбесін, эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, облигацияларды ұстаушылардың талаппен эмитентке, эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиарлық жауаптылықта болатын тұлғаларға жүгіну тәртібі туралы мәліметтерді қамтитын дефолт фактілері туралы ақпаратты облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілі:

Облигациялар бойынша Дефолт оқиғасы басталған кезде Эмитент Дефолт оқиғасын туындатқан себептерді жою үшін және Облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін барлық күшін салады. Дефолт оқиғасы басталған жағдайда Эмитент Дефолт оқиғасы туындаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитенттің ішкі құжаттарымен, Биржаның ішкі құжаттарымен және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсына ақпарат орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілермен белгіленген тәртіпте тиісті хабарды Биржаның (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарына орналастыру арқылы Облигацияларды ұстаушыларды Дефолт оқиғасы туралы хабардар етеді. Хабарлама мыналарды қамтуы тиіс:

- i. дефолт фактісі туралы ақпаратты;
- ii. дефолттың туындау күніне Эмитенттің орындалмаған міндеттемелерінің көлемін;
- iii. Дефолт оқиғасының туындауына әкеп соққан міндеттемелердің орындалмау себептерін;
- iv. Эмитентке талаппен жүгіну тәртібі мен мерзімін қоса алғанда, Облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қағаттандыру бойынша ықтимал іс-қимылдар тізбесін;
- v. Эмитенттің Дефолт оқиғасының басталуын туындатқан себептерді жою үшін қолданған немесе қолданатын шараларын;
- vi. Эмитенттің шешімі бойынша өзге де ақпаратты.

Өзге заңды тұлғаға аталған ақпаратты ашуды тапсыру көзделмеген.

20.4. Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиарлық жауаптылықта болатын тұлғалармен шарттың жасалған күні және нөмірі, аталмыш тұлғалардың толық атауы, сондай-ақ олардың мемлекеттік тіркелу күні (мұндай тұлғалар болса) :

Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиарлық жауаптылықта болатын тұлғалар - жоқ.

21. Облигацияларды өтеу сәтіне дейін әрбір сыйақы төлеу кезеңі бөлінісінде сыйақы төлеу үшін және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті Эмитенттің ақша қаражатының көздері мен ағындарының болжамы.

Эмитенттің ақша қаражатының көздері мен ағындарының болжамы осы проспектінің №1-



қосымшасында ұсынылған.

22. Эмитенттің облигацияларын ұстаушылардың өкілі туралы мәлімет (қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигациялар шығарылған жағдайда):

Бұл шығарылымның облигациялары қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигациялар болып табылмайды, осыған байланысты, Облигацияларды ұстаушылардың өкілі көзделмеген.

23. Эмитенттің төлем агенті туралы мәлімет (егер болса):

Сыйақы төлеуді және Облигацияларды өтеуді Эмитент төлем агентінің көрсететін қызметін пайдаланбай өздігінен жүзеге асырады.

24. Эмитенттің консультанттары туралы мәлімет (егер Бағалы қағаздар рыногы туралы заңға сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және табу мәселесі бойынша консультациялық қызмет көрсету жөніндегі шарт жасасу міндеті белгіленген болса):

24.1. Эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және табу мәселесі бойынша консультациялық қызмет көрсететін тұлғаның толық және қысқартылған атауы:

- толық атауы: «Фридом Финанс» акционерлік қоғамы;
- қысқартылған атауы: «Фридом Финанс» АҚ.

24.2. Эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және табу мәселесі бойынша консультациялық қызмет көрсететін тұлғаның орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері:

- орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 77/7 үй, н.п. 3а;
- байланыс телефонының нөмірі: +7 (727) 311-10-64, ішкі 502, 616, 342.

24.3. Эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және табу мәселесі бойынша консультациялық қызмет көрсететін тұлғамен эмитенттің жасасқан шартының күні мен нөмірі:

2021 жылғы 24 желтоқсандағы № ФФ- 2412 2021 Қаржы консультанты қызметін және андеррайтинг қызметін көрсету туралы шарт.

24.4. Эмитенттің өзге консультанттары туралы мәліметтер, егер, эмитенттің пікірінше, мұндай мәліметтерді ашу эмитенттің бағалы қағаздарын сатып алу туралы шешім қабылдау үшін елеулі болып табылатын болса, осы тармақта көрсетіледі; тармақта көрсетіледі:

Эмитент облигацияларды шығару кезінде басқа консультанттардың қызметін пайдаланған емес.

Басқарма Төрағасы

Прашев А.Г.



№1-қосымша. Облигацияларды өтеу сәтіне дейін әрбір сыйақы төлеу кезеңі бөлінісінде сыйақыларды төлеуге және негізгі борыш сомасын өтеуге қажетті эмитенттің ақшалай қаражатының көздері мен ағындарының болжамы

млн теңге

Көрсеткіштер атауы	Бет коды	2022 жыл		2023 жыл		2024 жыл		2025 жыл		2026 жыл		2027 жыл		2028 жыл		2029 жыл	
		1 жарт	2 жарт.	1 жар.	2 жар.	1 жар.	2 жар.	1 жар.	2 жар.	1 жар.	2 жар.	1 жар.	2 жар.	1 жар.	2 жар.	1 жар.	2 жар.
I. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ																	
1. Ақша қаражатының түсуі, барлығы (011 бастап 016 дейін жол-н сомасы)	010	55 248	55 248	65 963	65 963	66 092	66 092	67 945	67 945	69 798	69 798	70 415	70 415	71 033	71 033	74 121	74 121
соның ішінде:																	
тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сату	011	27 121	27 121	34 689	34 689	35 291	35 291	36 280	36 280	37 270	37 270	37 600	37 600	37 930	37 930	39 579	39 579
өзге де түсім	012	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
сатып алушылардан, тапсырыс берушілерден алынған аванстар	013	7 650	7 650	7 875	7 875	8 025	8 025	8 250	8 250	8 475	8 475	8 550	8 550	8 625	8 625	9 000	9 000
сақтандыру шарттары бойынша түсімдер	014	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
алынған сыйақылар	015	20 477	20 477	23 399	23 399	22 776	22 776	23 414	23 414	24 053	24 053	24 266	24 266	24 478	24 478	25 543	25 543
өзге де түсімдер	016	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
2. Ақша қаражаттарының шығуы, барл. (021 бастап 027 дейін жол-н сомасы)	020	63 948	63 948	55 848	55 848	57 015	57 015	58 691	58 691	60 375	60 375	61 069	61 069	61 772	61 772	64 486	64 486
соның ішінде:																	
өнім берушілерге тауарлар мен көрсетілетін қызметтер үшін төлемдер	021	60 826	60 826	52 500	52 500	53 500	53 500	55 000	55 000	56 500	56 500	57 000	57 000	57 500	57 500	60 000	60 000
тауарлар мен көрсетілетін	022	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0



қызметтердің өнім берушілеріне берілген аванстар																	
қарыздар беру	027	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
басқа да төлемдер	028	3 122	3 122	3 348	3 348	3 515	3 515	3 691	3 691	3 875	3 875	4 069	4 069	4 272	4 272	4 486	4 486
3. Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы (010 жол – 020 жол)	030	-8 700	-8 700	10 116	10 116	9 077	9 077	9 254	9 254	9 422	9 422	9 346	9 346	9 261	9 261	9 635	9 635
II. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ																	
1. Ақша қаражатының түсуі, барл. (041 бастап 051 дейін жол-ң сомасы)	040	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
соның ішінде:																	
негізгі құралдарды сату	041	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
бейматериалдық активтерді сату	042	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
басқа да ұзақ мерзімді активтерді сату	043	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
басқа ұйымдардың (еншілес ұйымдардан басқа) үлестік құралдарын және қаржы активтерінің бірлескен кәсіпкерлігіне қатысу үлестерін өткізу	044	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
басқа ұйымдардың борыштық құралдарын өткізу	045	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
еншілес ұйымдарды бақылауды	046	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0



жоғалтқан кездегі өтеу																	
басқа да қаржы активтерін сату	047	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
фьючерстік және форвардтық келісімшарттар, опциондар мен своптар	048	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
алынған дивидендтер	049	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
алынған сыйақылар	050	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Басқа да түсімдер	051	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
2. Ақша қаражатының шығуы, барл. (061 бастап 071 дейінгі жол-ң сомасы)	060	111	111	90	90	95	95	100	100	105	105	110	110	115	115	121	121
соның ішінде:																	
негізгі құралдар мен бейматериалдық активтерді сатып алу	061	111	111	90	90	95	95	100	100	105	105	110	110	115	115	121	121
басқа да ұзақ мерзімді активтерді сатып алу	062	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
басқа ұйымдардың (еншілес ұйымдардан басқа) үлестік құралдарын және бірлескен кәсіпкерлікке қатысу үлестерін сатып алу	063	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
басқа ұйымдардың борыштық құралдарын сатып алу	064	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0



еншілес ұйымдарды бақылауды сатып алу	065	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
өзге қаржы активтерін сатып алу	066	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
қарыздар беру	067	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
фьючерстік және форвардтық келісімшарттар, опциондар мен своптар	068	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
қауымдасқан және еншілес ұйымдарға инвестициялар	069	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
басқа да төлемдер	070	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
3.Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы (040 жол – 060 жол)	080	-111	-111	-90	-90	-95	-95	-100	-100	-105	-105	-110	-110	-115	-115	-121	-121
III. ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТІНЕН ТҮСКЕН АҚШАҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ																	
1.Ақша қаражатының түсуі, барл. (091 бастап 094 дейінгі жол-ң сомасы)	090	52 617	2 617	44 625	44 625	45 475	45 475	36 975	36 975	40 975	40 975	43 975	43 975	49 475	49 475	48 975	48 975
соның ішінде:																	
акциялар мен басқа да қаржы құралдарының эмиссиясы	091	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
қарыздар алу	092	2 617	2 617	44 625	44 625	45 475	45 475	36 975	36 975	40 975	40 975	43 975	43 975	49 475	49 475	48 975	48 975
облигациялар шығарудан түсетін түсімдер	093	50 000	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
алынған сыйақылар	094	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
басқа да түсімдер	095	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
2. ақша қаражатының	100	36 244	36 244	44 238	44 238	53 975	53 975	36 257	36 257	38 154	38 154	43 972	43 972	69 632	69 632	105 753	54 273



шығуы, барл. (101 бастап 105 дейінгі жол-н сомасы)																	
соның ішінде:																	
қарыздарды өтеу	101	18 735	18 735	23 455	23 455	34 537	34 537	15 118	15 118	14 575	14 575	17 740	17 740	41 614	41 614	26 561	26 561
облигацияларды өтеу	102	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	50 000	0
сыйақыларды төлеу	103	11 310	11 310	13 746	13 746	13 413	13 413	14 962	14 962	17 242	17 242	19 729	19 729	21 340	21 340	23 850	23 850
облигациялар бойынша	104	2 260	2 260	3 000	3 000	3 000	3 000	3 000	3 000	3 000	3 000	3 000	3 000	3 000	3 000	1 479	0
дивидендтерді төлеу	105	3 940	3 940	4 037	4 037	3 026	3 026	3 177	3 177	3 336	3 336	3 503	3 503	3 678	3 678	3 862	3 862
меншік иелеріне ұйымның акциялары бойынша төлемдер	106	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
басқа да шығулар																	
3. Қаржы қызметінен түскен ақша қаражатының таза сомасы (090 жол – 100 жол)	110	16 372	-33 628	387	387	-8 500	-8 500	718	718	2 821	2 821	3	3	-20 157	-20 157	-56 778	-5 298
4. Валюталардың айырбастау бағамдарының тенгеге әсері	120	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
5. Ақша қаражатының ұлғаюы +/- азаюы (030 жол +/- 080 жол +/-110 жол)	130	7 561	-42 439	10 412	10 412	482	482	9 872	9 872	12 139	12 139	9 240	9 240	-11 012	-11 012	-47 263	4 216
6. Есепті кезеңнің басындағы ақша қаражаты және олардың баламалары	140	52 188	59 748	17 309	27 722	38 134	38 616	39 097	48 970	58 842	70 981	83 120	92 360	101 600	90 588	79 576	32 312
7. Есепті кезеңнің соңындағы ақша	150	59 748	17 309	27 722	38 134	38 616	39 097	48 970	58 842	70 981	83 120	92 360	101 600	90 588	79 576	32 312	36 529



қаражаты және олардың баламалары																			
---	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--



Прошито, пронумеровано
на 35 листах

